

### №3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Күні: 26 ақпан

Қатысқандар: Барлық педагогтер

**Тақырыбы:** "Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу"

**Мақсаты:** Тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін арттыру; балалардың отанға, еліне деген сүйіспеншіліктерін ояту.

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
2. Балабақшада ұлттық құндылықтар, біртұтас тәрбие өзектілігі
3. Ұлттық құндылықтар туралы ойындар, ұлттық заттар жабдықтар көрмесі

**Талқылау:**

Әдіскер Хуат С. алдыңғы кеңесте бекітілген іс-шаралардың орындалуын саралады. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттер, ата-анамен жұмыстар, балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған жоспарлы шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылғаны айтылды. Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет көрсеткен Вашкеба Е.Н. мен Утембаева Н.А. балалармен жасаған жұмыстарына талдау жүргізілді.

Баяндамада ұлттық тәрбиенің маңыздылығы, оның бала бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы рөлі айтылды. Қазіргі қоғамда ұлттық сана мен болмысты қалыптастыру – балабақшадан басталуы тиіс. Балаларға халық ауыз әдебиеті, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық тағамдар мен киімдер арқылы тәрбие беру маңызды екені айтылды.

Ұлттық құндылықтарды ойын арқылы бала санасына сіңірудің маңызы айтылды. «Санамақ», «Жұмбақтар», «Мақал-мәтелдермен» жұмыс жүргізу, ұлттық сипаттағы сахналық қойылымдар ұйымдастыру ұсынылды.

Барлық топтарда ұлттық киімдер, ыдыстар, тұрмыстық заттар, қолөнер бұйымдары қойылған бұрыш ұйымдастыру ұсынылды. Тәрбиешілер көрме туралы баяндап, заттардың тәрбиелік мәнін түсіндірді. Балалар көрмеге қызығушылық танытқаны, сұрақтар қойып, белсенді қатысқаны айтылды.

Тәрбиешілердің біліктілік арттыру курстарына қатысуы туралы ақпарат берілді.

**Баяндама тақырыбы: «Балабақшада ұлттық құндылықтар негізінде біртұтас тәрбие берудің өзектілігі»**

Қазіргі қоғамдағы жаһандану үдерісі мен ақпараттық технологиялар дамыған дәуірде ұрпақ тәрбиесінде ұлттық болмысты сақтау – өзекті мәселелердің бірі. Ел болашағы саналатын бүлдіршіндердің бойына балабақша табалдырығынан бастап ұлттық құндылықтарды сіңіру – тәрбие мен білім берудің басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

**1. Ұлттық құндылықтардың мәні:**

Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың ғасырлар бойы жинақтаған салт-дәстүрі, тілі, діні, дүниетанымы, мәдениеті мен тәрбиелік ұстанымдары. Бұлар тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Балабақшада ұлттық құндылықтар арқылы бала:

- өз ұлтының тарихын, тілін, мәдениетін таниды;
- салт-дәстүрді құрметтеуді үйренеді;
- елге, жерге деген сүйіспеншілігі артады.

**2. Біртұтас тәрбие ұстанымы:**

Біртұтас тәрбие – баланың тұлғалық дамуын жан-жақты қамтамасыз ететін, барлық тәрбие салаларын (адамгершілік, эстетикалық, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесі) өзара байланыстыра отырып жүзеге асыратын жүйелі үрдіс.

Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, біртұтас тәрбие балабақшада:

- тілдік дамыту (мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, ертегілер);
- көркем өнер арқылы тәрбие (ұлттық киім, қолөнер, ұлттық музыка);
- еңбекке баулу (тұрмыс салтындағы жұмыстарды үйрету);
- патриоттық тәрбие (рәміздер, ұлттық мейрамдар, батырлар туралы әңгімелер) арқылы жүзеге асады.

**3. Ұлттық тәрбие баланың тұлғалық дамуына әсері:**

- Баланың рухани дүниесі мен адамгершілік қасиеттері қалыптасады;
- Өзін-өзі тануға, қоғамда өзін еркін ұстауға үйренеді;
- Отбасына, еліне, ұлтына деген сүйіспеншілігі артады.

**4. Тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысы:**

Ұлттық тәрбиенің табысты болуы балабақша мен отбасының өзара тығыз байланысына тікелей байланысты. Тәрбиеші ата-анамен бірлесе отырып, үй мен балабақшада бірдей тәрбие бағыттарын ұстанған жағдайда ғана толыққанды, үйлесімді дамыған тұлға қалыптасады.

**Қорытынды:**

Ұлттық құндылықтар – тәрбие мен білімнің негізі. Олар арқылы ғана ұрпақ бойында рухани байлық, отансүйгіштік, ұлттық сана қалыптасады. Сондықтан балабақшада тәрбиенің барлық салаларын біріктіре отырып, ұлттық бағытта біртұтас тәрбие беру – бүгінгі күннің басты міндеті.